


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND OF HIGHER EDUCATION THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY



ISSN 2616-6429
KAZPOST 76085



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ ЖАРШЫСЫ
ВЕСТНИК НАУКИ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА
SOUTH KAZAKHSTAN SCIENCE HERALD

№ 1 (21) 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND OF HIGHER EDUCATION THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ ЖАРШЫСЫ ВЕСТНИК НАУКИ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА SOUTH KAZAKHSTAN SCIENCE HERALD



№1 (21)

ШЫМКЕНТ 2023

ISSN 2616-6429

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК НАУКИ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

SOUTH KAZAKHSTAN SCIENCE HERALD

№1 (21) 2023

Меншік иесі: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор: Қожамжарова Д.П. - М. Әуезов атындағы ОҚУ ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі.

Редакциялық алқа мүшелері: Сүлейменов Ұ.С. – ҒЖ және И жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Изабелла Новак – х.ғ.д., профессор, Познань қ. Адам Мицкевич университеті, Польша; Аврамов К.В. – т.ғ.д., профессор, «Харьков политехникалық институты» ұлттық техникалық университеті, Украина; Соловьев А.А. – ф-м.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей; Емелин А.В. – ф-м.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей; Богуслава Леска - х.ғ.д., профессор, Познань қ. Адам Мицкевич университеті, Польша; Полина Прокопович – PhD, Кардифф университеті, Ұлыбритания; Меор Мохаммед Фаред – ассоциациялық профессор, Путра университеті, Малайзия; Олден А. - академик, Лондон Батыс университетінің есептеуші техника және технология мектебі, Ұлыбритания; Ивахненко А.П.- PhD докторы, профессор, Мұнай зерттеу орталығы, Хериот-Ватт университеті, Ұлыбритания; Елизавета Фаслер-Кан - PhD докторы, профессор, Базель университеті, Австрия; Радюк С.Н. - PhD докторы, ассоциациялық профессор, Оңтүстік методистік университеті, АҚШ; Жонго Ок - PhD докторы, профессор, Сеул ұлттық техникалық университеті, Корея; Марфенин Н.Н. - б.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей; Сайдамаев Э.М. – ф.-м.ғ.к., доцент, М.В. Ломоносов атындағы ММУ Ташкент филиалы, Өзбекстан; Каримов Э.Ә. – б.ғ.к., бас ғылыми қызметкер, Өзбекстан Республикасы Ғылымдар Академиясы өсімдіктердің генетикасы және тәжірибелік биологиясы институты, Өзбекстан; Адилев Б.Ш. - б.ғ.к., бас ғылыми қызметкер, Өзбекстан Республикасы Ғылымдар Академиясы өсімдіктердің генетикасы және тәжірибелік биологиясы институты, Өзбекстан; Мирзаев Ш.Ш. – з.ғ.к., доцент, М.В. Ломоносов атындағы ММУ Ташкент филиалы, Өзбекстан; Жұрынов М.Ж - х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан; Айменов Ж.Т. – т.ғ.д., профессор; ҚР ҰЖҒА академигі, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Байтанаев Б.А - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Исмаилов Б.Р.– т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Жантасов К.Т.– т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Надиров К.С. – х.ғ.д., профессор; М.Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Жекеев М.К. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Қалыбекова А.А. - п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Мырзахметов М. - ф.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Назарбекова С.П. – х.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Протопопов А.В. - т.ғ.д. профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Таймасов Б.Т. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Ниязбекова Р.К. - э.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Волненко А.А. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Голубев В.Г.–т.ғ.д., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Сарсенбі Ә.М. – ф-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Тлеуов А.С. – т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Жолдасбекова С.Ә. – п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Туленов А.Т. - т.ғ.к., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Карбозова Г.К. – ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Орынтаев Ж.К. – з.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан.

ӘОЖ 371.385:4

З.Х. Ташмухамедова, А.К. Мамырбекова*

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан

х.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан

*Корреспондент авторы: aizhan.mamyrbekova@ayu.edu.kz

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮШІН ИНТЕРАКТИВТІ ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Түйін

Мақалада жалпы орта білім беретін мектептерде химия курсын оқытуда ұйымдастырылған педагогикалық эксперимент нәтижелері және педагогикалық талдау негізінде интерактивті тапсырмаларды қолданудың тиімді әдістемелік ұсыныстар қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде химияны оқытуда интерактивті оқытудың тиімді әдістері таңдалып алынып, сол әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуы және ғылыми танымның артуы анықталды. Зерттеу барысында жиналған мәліметтер талдау арқылы, сабақ барысында теориялық білімді меңгертуде «броундық қозғалыс», «позиция таңдау», «Chemical club» -әдістерін қолдану оқушылардың қызығушылықтарын арттырды. Сонымен қатар, жалпы білім беру саласында химия курсында интерактивті оқыту әдістерін қолдану шаралары іске асырылды. Интерактивті оқыту әдістеріне сай, қысқа мерзімді жоспар жасалып, ұсынылды. Бұл оқушылардың химия курсын оңай меңгеруге мүмкіндік берді. Ғылыми зерттеудің нәтижелері химия мұғалімдерімен мектептің химия курсын оқытудағы әдістемелік кеңестер ретінде және «броундық қозғалыс», «позиция таңдау» және «Chemical club» әдістерін ұйымдастыру үшін мұғалімге қосымша көмекші ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Кілттік сөздер: интерактивті оқыту, жаңартылған білім беру, «броундық қозғалыс», «позиция таңдау», «Chemical club», интерактивті тапсырма, оқыту әдістемесі.

Кіріспе. Қазіргі таңда мектеп оқушыларына химия пәнін оқыту барысында интерактивті оқыту тапсырмаларын қолдану арқылы, оқушылардың білім сапасын жақсарту, өтілетін әрбір тақырыпқа сәйкес интерактивті тапсырмаларды ұйымдастыра білу, әрі оны сабақ барысында тиімді пайдалана алу өзекті болып табылады. XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50-жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. Жалпы, инноватика – жаңару үдерісі, жаңалық үдерістерінің теориясы, жаңалық ендірулер туралы ғылым, яғни, педагогикалық инноватика осы ғылым саласындағы жаңалықтар үдерісін зерттейді. Бұл мәселені шетелдік ғалымдармен К. Ангеловский, М.В. Кларин, В.Я. Ляудис, М.М. Пономаревпен қатар, отандық Ш.Т.Таубаева, Ж.А. Қараев, Г.К. Нұрғалиева және т.б. педагог ғалымдар тарапынан біршама қарастырылған [1].

Интербелсенді оқу/оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқу/оқыту, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун-цзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» [2].

Интербелсенді әдістер арқылы студенттер келесі білім,білік,іскерлік дағдыларға ие болады:

- терең ойлау, жеке рефлекстік қабілеттерін дамыту;
- өз іс-әрекеттерін талдау және бағалау;
- ақпаратты өз бетінше түсіну, жан-жақты талдау және таңдау;

- жаңа идеялар мен білімдерді өз бетінше құрастыру;
- пікірталастарға қатысу және өз ойы мен пікірін дәйектей алу.

Теориялық талдау. Қазіргі таңда интербелсенді оқыту технологиясын көптеген ғалымдар зерттеп, білім беру саласына жаңа, тиімді оқыту технологияларын ұсынуда. Оқытудың интербелсенді әдістерінің өзі екі үлкен топқа бөлінеді: топтық және жеке (практикалық тапсырмаларды орындау, жаттығу). Топтық түрінің өзі үш топқа бөлінеді: 1) пікір алмасу - топтық пікірталас жағдаяттарды талдау, кейс әдісі, миға шабуыл, талқылау, дебаттар; 2) ойындық - іскерлік ойын, іс-әрекетті ұйымдастырушылық ойындар, сюжеттік рөлдік ойындар, дидактикалық ойындар, және тағы басқалар; 3) тренинг әдістер - әлеуметтік-психологиялық тренинг, іскерлік қарым-қатынас тренингісі, психотехникалық ойындар [4-6]. Осы жоғарыда көрсетілген интербелсенді әдістерді пайдалана отырып, мұғалімдер білім алушыларға тек теорияны ғана меңгертіп қоймай, сонымен бірге – білімді түсінуге, меңгеруге, өз құзыреттілігін пайдалана алуға және ізденушілік қабілетінің қалыптасуына, топпен жұмыс жасай алуға, топ басшылық қабілетінің қалыптасуына, сонымен бірге кез-келген мәселеде өз көз қарасын еркін айта алуға қалыптастырады. Ал бұл қабілеттерді өз бойына сіңірген әр оқушы болашақта жеке тұлға болып қалыптасады [7-11].

Бұл тақырып қазіргі таңда - интерактивті оқытудың тиімділігінің сыртқы көрсеткіштері ретінде оқушылардың бірлескен әрекет ережелерін мойындай отырып, өзара әрекеттесуге ұмтылуын, топтық рефлексияның дамып, ұжымдық ынтымақтастықтың қалыптасуын, ал әсерлілігінің ішкі көрсеткіштері ретінде білім алушылардың өз міндеттерін түсіне отырып, өзара әрекет дағдыларын меңгеріп, топтық жұмысқа дайын болуын, оқу әрекетінің субъектісіне айнала отырып, өзіндік рефлексиясының дамуын арттырумен өзекті болып отыр деп айтуға болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты: жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгерудің маңызды мәселелерін зерттеу және мектептегі химия курсына пайдалануға тиімді жаңа интерактивті әдіс-тәсілдерді зерттеу.

Зерттеу мақсатына жету үшін мынадай міндеттер жүктелді:

1. Интерактивті оқыту тапсырмаларын қолдана отырып, оқушыларды оқыту схемасын нақтылау.
2. Оқушыларға химия пәнін оқыту үшін интерактивті оқыту тапсырмаларын әзірлеу.
3. Оқыту сабақтарын ұйымдастырудың әртүрлі формаларының ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесінде интерактивті оқыту тапсырмаларын қолданудың әдістемелік моделін жасау.

Тәжірибелік бөлім. Бұл зерттеу жұмысының нысаны негізінен жалпы білім беретін орта мектептер болып табылды. Осыған сәйкес зерттеу практикасы Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылына қарасты «Қызыл Әскер» жалпы орта мектебінде өткізілді. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде, 8- сыныпқа химия сабағын өтуде «броундық қозғалыс», «позиция таңдау», «Chemical club» сияқты белсенді әдістер қолданылды және мектеп мұғалімдері мен оқушыларынан интербелсенді әдістерді пайдалану қаншалықты тиімді екенін білу үшін электронды форматта сауалнама жүргізілді.

«Броундық қозғалыс» - берілген жаңа тақырып бойынша оқушылардың мәлімет жинақтау мақсатымен, сыныпта еркін қозғалуына мүмкіндік беріледі. Бұндай белсенді оқыту әдісін жаңа тақырыпты меңгерту барысында, яғни, мұғалім жаңа тақырыппен таныстырған соң, оқушылардың тақырыпты терең түсінуі үшін, өздері ізденіп, бір-бірімен мәлімет алмасу барысында, сыныптың жеке кітапханасын пайдалану үшін оқушыларға мүмкіндік беретін, өте тиімді әдіс болып табылады.

«Позиция таңдау» - бұл әдісте белгілі бір шешім, пікір оқушыларға оқылады білім алушылар «Иә» немесе «Жоқ» деген нұсқасын таңдайды. Содан соң өзі таңдаған позициясын түсіндіреді. Бұл әдіс негізінен өткен тақырыпты тиянақтау барысында оқушыларға қысқа сұрақтар қою арқылы пайдаланылады.

«Chemical club» - дидактикалық үлгісін бейорганикалық химия курсының негізгі тақырыптарында, яғни 8-9-сыныпта пайдаланудың әдістемесі қарастырылған. Дидактикалық үлгіні пайдалану арқылы білім алушылар тақырыптарды ағылшын тілінде оңай әрі қызықты меңгереді, ағылшын тілін негізгі 4 дағды (listening/тыңдалым, speaking/сөйлеу, reading/оқылым, writing/жазылым) бойынша меңгеруіне, сонымен қатар пәнге қызығушылығы артуына көмек бола алады.

Нәтижелер мен талқылау. XXI ғасыр ақпаратты технологиялардың қарқындап дамып, шарықтау шегіне жетуде. Қоғамның қай саласы болмасын, ақпараттық технологияларды барлығынша меңгеріп, жаңа жетістіктерге жетіп жатыр. Сол сияқты білім беру саласында да айтарлықтай өзгерістер байқалады. Атап өтсек, бірнеше жылдардан бері дәстүрлі оқыту платформасынан қазіргі заманға сай ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, интерактивті әдіс- тәсілдермен сабақ өту қалыптасуда. Интерактивті оқыту – бұл білім алушыға білімді тек теория жағынан үйретіп қана қоймай, өз көзқарасы қалыптасқан, еркін ойлай алатын, ақпараттық технологияларды еркін меңгерген сол арқылы өзі жаңа мәліметтер жинақтай алатын және қоғамда өз орныны анықтай алатын, сонымен бірге көшбасшылық қабілеттерді қалыптастыру үшін қолданылады. Интерактивті оқытудың күннен-күнге көптеген әдіс-тәсілдері ғалым зерттеушілер тарапынан ұсынылып, қолданысқа енуде және өзінің нәтижелерін беріп жатыр.

Ғылыми зерттеу жұмысы барысында интерактивті оқытудың әдіс-тәсілдері күнделікті сабақтарда пайдалану қаншалықты тиімді, әрі қаншалықты өз пайдасын тигізіп жатқандығын білу үшін Қызыл Әскер мектебінің ұстаздарынан электронды Google form форматта сауалнама алынды. Сауалнамаға 20 мұғалім қатысып, оларға химия интерактивті оқыту әдістері туралы бес сұрақ жауаптарымен ұсынылды (1-сурет).



Сурет 1. Мұғалімдерге арналған интерактивті оқыту әдістамасына байланысты сауалнама.

Сауалнама нәтижелеріне қарап, мұғалімдерге қойылған «Сіз күнделікті сабақтарда интерактивті әдістерді қолданасыз ба?» деген сұраққа 65% - «ия», 25% - «жоқ» және 10% - «кейде ғана» деген жауап берсе, қойылған келесі «Интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді ма?» деген сұраққа 80% - «ия», ал қалған 20% - «жоқ» деп жауап берген. Сонымен бірге «Сіз көбінесе қандай әдісті пайдаланасыз?» деген сұраққа 25% - дәстүрлі, 60%- интерактивті

әдістерді және 15%- екеуін де пайдаланып жауап берілген болса, келесі «Сізге интербелсенді әдістер қай жағынан ұнайды?» – деген сұрақтың 35% оқушылардың қызығушылығы артады, 25% - сабақ түсінікті болады, 25% - оқушылардың белсенділігі артады және 15% - тиімді жақтары жоқ, ұнамайды деп жауап берген.

Нәтижелерден көріп тұрғанымыздай мұғалімдердің 50%-дан көбі сабақ өтуде интерактивті әдістерді пайдаланатындығы және бұл әдістердің тиімді екендігі анықталды.

Зерттеу барысында «Қызыл Әскер» жалпы орта мектебінің екі тоғызыншы сынып яғни, 9-А және 9-В сыныбының оқушылары таңдалып алынып, IV- тоқсанда өтілетін тақырыптарға сәйкес интерактивті оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылды. 9-А сыныбында 22 оқушы, ал 9-В сыныбында 23 оқушы, жалпы зерттеуге 45 оқушы қатысты. Бұл екі сыныптың білім деңгейі бұған дейін өтілген сабақтар бойынша тоқсан бойынша жиынтық бақылауларын салыстыру арқылы анықталды. Екі сыныптың білімі шамалас, бірдей деңгейде десекте болады. 9-А сыныбы эксперименттік топ, яғни бұл сыныпта сабақ өту барысында интерактивті оқытудың - «броундық қозғалыс», «позиция таңдау», «Chemical club» әдістері пайдаланылды, ал 9-В сыныбы бақылау тобы деп алынып, сабақ дәстүрлі түрде өткізілді.

[illegible]

Сурет 2. 9-А сыныбына өтілген сабақтың қысқа мерзімді жоспары.

Екі сыныпқа да - Органикалық химияға кіріспе бөлімі бойынша сабақтар өткізілді, бірақ жоғарыда айтып кеткендей, екі сыныпқа екі түрлі әдіспен өтілді. Сабақтан соң меңгерілген білім қандай деңгейде болғанын білу мақсатында екі сыныптан да бөлім бойынша жиынтық бақылау алынды (3- сурет).

Химияны оқытуда интерактивті әдіс-тәсілдерді пайдалану өзінің оң әсерін беріп, оқушылардың сабаққа деген құлшынысы мен қызығушылықтарын арттыратындығы анықталды. Зерттеудің нәтижесіне байланысты интерактивті оқытудың «позиция таңдау», «броуындық қозғалыс» және «Chemical club» сияқты әдіс-тәсілдер химия курсының оқытуда тиімді екендігі дәлелденді және 9 - сынып оқушыларын оқытуда осы әдістерді пайдалану арқылы өтілетін сабақтардың қысқа мерзімді жоспары ұсынылды. Зерттеу нәтижелерін болашақта химия пәні мұғалімдері сонымен бірге кез-келген мұғалым интерактивті әдістерді қолдану үшін әдіснамалық құрал ретінде пайдалануына болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жансугурова К.Т. Жоғары оқу орындарында интерактивті оқыту технологияларын пайдаланудың тиімділігі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2020. -№2(66). - С.137-142.
2. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. - Алматы, 2009. - 263 б.
3. Миэринь Л.А., Быкова Н.Н., Зарукина Е.В. Современные образовательные технологии в вузе: учеб.метод.пособие. СПб: Изд-во СПбГЭУ. -2015. -163 с.
4. Зарукина Е.В., Логинова Н.А., Новик М.М. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: учеб. метод. пособие. СПб.: СПбГИЭУ. - 2010. -59 с.
5. Нечаева Т.В., Ложкомоева Е.Н. Особенности использования деловых и ролевых обучающих игр в сфере высшего образования //Мир науки, культуры, образования. - 2018.- №2(69).- С.261-263.
6. Багатырова М.Н. Возможности игровых методов в обучении студентов // Мир науки, культуры, образования. -2016.- №1(56). - С.187-188.\
7. Akhmetova A., Seiitkazy P., Zhangazieva T., Abilkhairova Zh., Alikulova S., Ashimbekova B. Adaptation of Students to Professional-Oriented Activities Based on Media Technologies. Cypriot Journal of Educational Science. -2022. 17(1), 320-332. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6717>
8. Сулейменова О.Я., Маханова Қ.А., Құбаева Г.С. Мамандыққа бағытталған химияны оқыту курсына дидактикалық құралдар көмегімен деңгейлік тапсырмалар құрастыру// Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2018.- №2(58).- С.187-192.
9. Сечко О. И. Тест как форма обучения и контроля знаний по химии / БГУ: электрон. журнал. - 2012 г. URL: <http://elib.bsu.by/handle/123456789/13054>.
10. Bortnik B., Stozhko N., Pervukhina I. Context-Based Testing as Assessment Tool in Chemistry Learning on University Level // Educ. Sci. 2021, 11(8), 450. <https://doi.org/10.3390/educsci11080450>
11. Дубовицкая Т.Д. Методика диагностики направленности учебной мотивации // Психологическая наука и образование. -2002. –Т.7.-№2. -С. 42 – 45.

Аннотация

В статье рассмотрены результаты организованного педагогического эксперимента по преподаванию курса химии в общеобразовательных школах и эффективные методические рекомендации по использованию интерактивных заданий на основе педагогического анализа. В результате исследования были выбраны эффективные методы интерактивного обучения в преподавании химии, с использованием этих методов выявлено повышение интереса учащихся к предмету и повышение научного познания. Благодаря анализу данных, собранных в ходе исследования, использование методов «броуновское движение», «выбор позиции», «Chemical club» при усвоении теоретических знаний в ходе урока повысило мотивацию учащихся. Реализованы меры по использованию интерактивных методов обучения в курсе химии в сельской школе. Разработаны и представлены планы уроков, включающие методы интерактивного обучения, которые показали эффективность освоения химии учащимися. Результаты исследования могут быть использованы учителями химии в качестве методических рекомендаций по преподаванию школьного курса химии с

применением интерактивных методов «броуновское движение», «выбор позиции» и «Chemical club».

Abstract

The article considers the results of an organized pedagogical experiment on teaching a chemistry course in secondary schools and effective methodological recommendations on the use of interactive tasks based on pedagogical analysis. As a result of the study, effective methods of interactive learning in teaching chemistry were selected, using these methods, an increase in schoolchildrens' interest in the subject and an increase in scientific knowledge were revealed. Through to the analysis of the data collected during the study, the use of the methods «Brownian motion», «position selection», «Chemical club» during the assimilation of theoretical knowledge during the lesson increased the motivation of through. Measures have been implemented to use interactive teaching methods in a chemistry course at a rural school. Lesson plans have been developed and presented, including interactive teaching methods that have shown the effectiveness of mastering chemistry. The results of the study can be used by chemistry teachers as methodological recommendations for teaching a school chemistry course using the interactive methods «brownian motion», «choice of position» and «Chemical club».

УДК 376.2/4

Н.А. Турекулова, Н.Б. Якубова, А.Т. Сарипбекова*

преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан
старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент,
Казахстан

старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент,
Казахстан

*Автор для корреспонденции: lunagul.77@mail.ru

ПРОБЛЕМА ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ДЕТЕЙ С ОСОБЕННОСТЯМИ В РАЗВИТИИ

Аннотация

В статье рассмотрены проблемы психолого-педагогического сопровождения детей с особенностями в развитии. Под психолого-педагогическим сопровождением лиц с ограниченными возможностями здоровья можно понимать комплексную технологию психолого-педагогической поддержки и помощи обучающемуся и его родителям в решении задач, связанных с развитием, обучением, воспитанием, социализацией со стороны специалистов различного профиля. В настоящее время в системе образования непрерывно происходят процессы, связанные не только с социально-экономическими, демографическими и социокультурными изменениями, наблюдаемыми в нашей стране, но и с необходимостью модернизации и персонификации подходов к обучению, воспитанию, дополнительному предпрофессиональному образованию обучающихся с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ). Безусловно, на сегодняшний день ни одна общеобразовательная школа не может обойтись без применения опыта отечественной дефектологии, где представлены эффективные практики, методологические и технологические аспекты специального (коррекционного) обучения и воспитания в условиях современного образования.

Ключевые слова: обучающихся с ограниченными возможностями здоровья, индивидуальный маршрут, психолого-педагогическое сопровождение, поддержка, создание условий, особенности в развитии.

Во всем цивилизованном мире общество пришло к пониманию, что в соответствии с

О.А. Кулманова*, Ғ.С. Қаратаев

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
PhD доктор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
**КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ КӨМЕГІМЕН
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

89

А.К. Мырзабекова*, А.М. Джазылова

к.ф.н., ст. преп., Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
магистр, ст. преп., Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

**РАЗВИТИЕ НАУЧНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ РЕЧИ СТУДЕНТОВ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ «6B07131 – АВТОСЕРВИС И ФИРМЕННОЕ
ОБСЛУЖИВАНИЕ»**

94

З.Х. Ташмухамедова, А.К. Мамырбекова*

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан
х.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

**ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮШІН ИНТЕРАКТИВТІ ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫН
ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

99

Н.А. Турекулова, Н.Б. Якубова, А.Т. Сарипбекова*

преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

**ПРОБЛЕМА ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ДЕТЕЙ С
ОСОБЕННОСТЯМИ В РАЗВИТИИ**

105

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

А.Б. Айдарова, К.А. Өміртай*

э.ғ.к., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ
ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

110